



*Ы. Алтынсарин атындағы облыстық балалар  
мен жасөспірімдер кітапханасы  
Областная библиотека для детей и юношества  
им. И. Алтынсарина*

# «ҚЫМЫЗ СИЯҚТЫ БҰЛ ӨЛЕНДЕР ДЕ ПАЙДАЛЫ»


*Әдебиет және тарих сағаты  
Час истории и литературы*

# «Как кумыс Эти песни целебны»

**г. Костанай, 2005**

## ***Предисловие***

*Есть в истории Казахстана имена, которые нам мало известны, а, следовательно, мы на них порой не обращаем внимания. Но чтобы не забыть свою историю, нужно помнить о своих корнях, особенно если речь идет о наших земляках. Данное пособие напоминает нам о таком имени, как Татикара. Уроженец Сарыкольского района, акын, воин, он внес большой вклад в развитие поэзии. Пособие издано в связи с 300-летием со дня рождения поэта.*



**ТАТИКАРА АҚЫН**

## «Әскери жорықты жырлаған» әдебиет және тарих сағаты

**1-жүргізуші:** XVIII ғасырда жасаған қазақ ақын-жырауларының ішіндегі ең мәшһүрлерінің бірі — Тәтіқара. Халық әдебиеті қазыналарын жазбай танитын Шоқан кезінде Тәтіқара жырларына назар аударып, оның бір өлеңінің жолма-жол тәржімасын да жасаған болатын.

XVIII ғасыр әдебиеті жайында сөз болса Тәтіқараның аты аталмай қалмайды. Жұртшылық санасындағы Тәтіқара — қазақ халқының тарихындағы қиын кезеңдердің біріндегі сырт жауларға қарсы күрестің ұраншысы, өз отандастарын басқыншылармен қайтпай ұрысуға шақырушы жауынгер ақын, жортуыл кернейшісі.

**2-жүргізуші:** Алайда Тәтіқараның қолда бар шығармалары ақынның дабыралы атын ақтай алмайды: олардың көлемі тым аз, көркемдік дәрежесі де айтарлықтай жоғары өреде емес.

Тәтіқараның сүйегі — Сарыкөл маңындағы уақтан, уақ ішінде Қалмақ деген атадан. Ақынның туып-өскен жері — қазіргі Қостанай облысының Урицкий ауданының территориясы. Алайда ақынның саналы өмірі түгелдей дерлік Абылай ханның төңірегінде өткен сияқты. Ел аузындағы сөздерге қарағанда, Абылай хан жаугершілікке аттанғанда Тәтіқараны қасынан тастамайды екен. Оның суырып салма ақындығын, турашылдығын, сонымен қатар, жаудан қайтпайтын батырлығын қатты бағалайды екен.

*Камыстың басы майда, түбі сайда,  
Жәнібек Шакшақұлы болат найза,  
Алдыңнан су, артыңнан жау қысқанда,  
Ер жігіттің ергілігі осындайда.  
Бөкейді айт Сағыр менен Дулаттағы,  
Деріпсәлі, Маңдайды айт Қытшақтағы,  
Өзге батыр қайтса да бір қайтпайтын  
Сары менен Баянды айт Уақтағы.  
Ағашта биікті айтсан қарағайды айт,  
Найзасының ұшына жау мінгізген  
Еменәлі Керейде ер Жабайды айт.*

### 1-жүргізуші

Әрине, кез келген ақын жортуыл жыршысы бола алмайды. Аумалы-төкпелі заманда жорықтағы жауынгерлер арасында жүрген ақынның басы жау найзасына шаншылып кетуі де мүмкін. Сол себепті бұл ретте ақындық қана емес, жүрек те керек. Ақын қаруы көбіне өзге жұртпен бірдей — шашақты найза; домбыра — жаугершілік арасындағы тыныштық сәттерде, әскер қонаға не дамылға тоқтай қалған кездерде ғана қолға алынады; ал кейде қарбалас сәттің өзінде-ақ, жауын-

герлер қатары бұзылып, еңсесі түскенде олардың рухын көтеру үшін, жігерлендіру үшін ақынның дауыс көтеруі қажет болып қалады. Тәтіқараның бізге жеткен шығармалары осындай реттерде айтылған.

## **2-жүргізуші**

Бірде Абылай ханның жортуылда жолы болмапты. Өкшелеген жаудан құтылуға айналғанда алдыдан өткел бермес тасыған өзен кездеседі. Жұрт ұйлығып қалыпты. Бәріне де харап болу қаупі төнеді. Сонда Тәтіқара суырылып шығып, батырлардың ерлігін айтып жырлай жөнелгенде, олар ақынның соңынан тасып жатқан өзенге түсе бастапты. Бұлардың артынан қалың қол да еріп, судан аман өтіпті.

Тәтіқараның Шоқан тәржімалаған жыры да осындай жағдайда айтылған. Абылай бастаған қазақтар саны көп, күші басым қытай әскерлерімен табан тіреп ұрыса алмай, шегінуге мәжбүр болады. Жауынгерлердің еңсесі түсіп кеткенін көрген Тәтіқара бір жағы күйінішпен, бір жағынан жұрттың рухын көтеру үшін табан астында суырып салып, жырлап қоя береді.

Шоқан аудармасын толық келтірейік: «Бежавшие китайцы снова начали движение, натянулась тетива из куланьего хребта. Крепко-реберный и широкожелудочный Аблай, перенеси это одно дельце. У врага-китайца клячи, как кобчики, изловчались; нет, хан Аблай не бежал, нехорошее слово «бежал», — он двигался, только косо. Басентинец Серымбет, стрелы бросая, бился. Не ищи ума при бег-стве. Нет хладнокровия при торопливости. Баян уаковцев, да, мы и это видели! Когда он поворачиваясь назад, копьём работал».

Осының қарсаңында ғана ойрат империясын оп-оңай бағындырып алған қытайлар 1756 жылы қазақ жеріне енеді. Абылай екі рет ұрысып, екеуінде де шегінуге мәжбүр болады.

## **1-жүргізуші**

Яғни Тәтіқара шығармасы 1756 жылы туған. Бұл — ақынның өмір сүрген уақытын дәлірек білуде үлкен мәні бар дерек.

Айтылмыш жырдың түпнұсқасы біздің заманымызға жекелеген үзінділер түрінде жеткен.

*Кебеже қарын, кең құрсақ,  
Артық туған Абылай,  
Көтере көр бұл істі:  
Көп қытайдың жылқысы  
Тұрымтайдай құнысты,  
Жау жағадан алғанда,  
Ит етекпен алғанда,  
Ер Абылай қорыққан жоқ,  
Әшейін еңкейе бере жылысты.  
Бәсентийін Олжабай  
Оны да мен ер көрдім,  
Оқ жіберіп ұрысты.*

Жырдың тағы бір үзiгiн Мәшһүр-Жүсiп қолжазбаларының арасынан ұшыратамыз. Онда өлеңнiң кiмдiкi екенi айтылмаған.

*Ақыл қалмас қашқанда,  
Дегбiр қалмас сасқанда,  
Баяндай ердi көрмессiң,  
Бұрылып жауды шанышқанда.*

Тәтiқара «бас кеспек болса да, тiл кеспек жоқ» деген көне мақалдың жөнiмен ретi келгенде тартынбайтын, әдiлдiктi көзiне айтқан турашыл, беттi ақын болған. Бұған мысал ретiнде ел аузында қалған мына бiр әңгiменi келтiрейiк.

Қалмаққа жорыққа аттанған батырларға ерiп Абылайдың тұңғыш ұлы бала жiгiт Жанбай да кеткен екен, сол сапарда қаза тауыпты. Баласының өлiмi жанына батқан хан бас көтермей жатып алады.

## **2-жүргiзушi**

Жаугершiлiк заманда өлiм, қаза — әдепкi құбылыс. Ол тандап, талғап алмайды, жалпыға бiрдей. Сол жорықта жалғыз Абылайдың ұлы ғана өлген жоқ, талай жас қыршынынан қиылды, сол себептi ел билеп отырған әмiршi тек өз қара басының ғана қайғы-зарын шегуi — кейбiр шонжарлардың да, жұрттың да кытығына тиедi. Сол көптiң атынан Тәтiқара сөйлейдi. Абылайдың кеше ғана «Түркiстаннан келген ұл» екендiгiн, оны осы жұрттың өзi хан көтергендiгiн айта келiп ақын:

*Үш жүздiң баласы  
Ақылдасып, жолдасып,  
Хан көтерiп едi, —  
Үш жүздiң баласын  
Бiр баласындай көрмедi,  
Ат құйрығын сүзiңдер,  
Аллалап атқа мiнiңдер,  
Хан талау қылып алыңдар, — дейдi.*

Мұндағы бiр назар аударарлық жай — үнемі хан қасында болған Тәтiқараның бұл жолы оған қарсы топты жақтауы. Әрине, жоғарыдағы сөздердi айтқызған ақынның батылдығы ғана емес, — артында «тәңiрiсi» тұр. Алайда осының өзi-ақ Тәтiқараның үнемі тура басуға тырысып отырған адам екендiгiнiң айғағы iспеттес.

## **1-жүргiзушi**

Тәтiқараға қатысты бiзге белгiлi мәлiметтер осындай. Әрине, импровизатор ақын туғызған жырлардың денi сақталмаған. Бұл — жалғыз Тәтiқараның емес, қазақтың өткендегi талай талантты ақынының трагедиясы.

Тәтiқараның бiздiң дәуiрiмiзге жеткен шығармалары, жоғарыда да айттық, оның үлкен сөз зергерi болғандығын көрсетпейдi. Бұл тұрғыдан алғанда, Тәтiқара — қарабайыр көп ақынның бiрi. Алайда Тәтiқара шығармалары өзiнiң қарбалас шақтарда, от-жалында туғандығымен, тәуелсiздiк жолындағы күрестiң қиын кезеңiнде жұрттың рухын көтерген, елге жiгер берген ұран iспеттес болғандығымен

кұнды. Бұл тұрғыдан алғанда Тәтіқара жырлары, — жоғалғандары да, біздің заманымызға жеткендерді де, — өз міндетін атқарды деп айта аламыз.

## Викторина

1. Қазақ халқының аңыз-жыршыларын қалай атаймыз? (*ақын және жырау*)
2. Қазақтың атақты жырауларын атаңыз? (*Бұхар, Шалкиіз, Жиёмбет, Қорқыт ата*)
3. Жыраудың шығармалары қалай аталады? (*толғау*)
4. Ақын мен жыраудың айырмашылығы неде?
5. Біздің жерлесіміз, Тәтіқара ақынның қандай мейтойын атап өтпешіміз?
6. Қостанай облысының қай ауданы Тәтіқараның туған жері болып табылады?
7. Тәтіқараның ханға арналған қатал өлең жолдарын шығаруына не себеп болды, қандай трагедиялық жағдай әсер етті?

## «Воспевший поход боевой» час истории и литературы

*Оформление: тематическая полка с одноименным названием*

*Тихо звучит казахская мелодия. На ее фоне появляются ведущие.*

**Ведущий 1.** «...В те давние времена, когда, как говорят казахи, «коза была еще бесхвостой», ни один из народов, населяющих землю, не знал, что такое стих, что такое песня. Без стихов жизнь — вдова, без песни она — бесплодна. Люди, не слыша речитатива и мерного ритма стихов, жили без радости и смеха. В те времена не было праздников и тоев, веселых и шумных сборищ. Люди ходили мрачные, их давила ледяная тоска, ибо в момент скорби не могли они позвать на помощь волшебную песню, рассеивающую печаль и одобряющую душу. Человек, хоть один раз испытавший беду, всю жизнь ходил печальным и умирал в скорби, потому что в те времена песня жила вдали от земли. В те времена даже ручьи, бегущие из родников, ручьи с зелеными берегами, с чистым каменистым



дном — не звенели, не шумел лес от порывов мягкого ветра, когда торжественно всходило солнце и наступал прекрасный степной рассвет, не пели птицы; мертвую тишину, тяжело давившую степь, нарушал лишь дикий вой бури, ибо в те времена могуществом песни владело лишь небо и песня еще не сроднилась с земной природой.

Наконец прекрасная, таинственная, могущественная, волшебная песня решила оставить свое старое жилище и вышла в путь, чтобы осмотреть все четыре угла вселенной. Может быть, ей надоело бесполезно пребывать на высоте седьмого неба, или захотелось ей пронестись над широкой степью под необъятным синим куполом, или пожалела она, лишенных радости и восторга искусства, печальных и горестных людей и решила сделать она им добро — неизвестно, но песня отправилась в полет. В зависимости от настроения песня летела то низко над землей, то взмывала выше, а то уходила вверх в недостижимое небо. Когда песня пролетала низко, то весь народ, обитающий в этом краю, ясно слышал все ее мелодии, напевы, кюи и жыры и навеки запоминал и заучивал их. Там, где песня летела повыше, люди слышали лишь часть ее сокровищ. А народы, над которыми песня пролетала слишком высоко, остались чуть не совсем лишенными песен и музыки, стихов и жыров.

Говорят, что песня прошла низко над казахской степью — и в этом секрет щедрости и богатства казахской поэзии.

**Ведущий 2.** Это одна из многих казахских легенд, показывающая, насколько высоко ценил народ песни и стихи, раскрывающая его взгляды на искусство.

Кочевники придавали особое значение искусству красноречия и языку чувств — поэзии. Русские и европейские ученые и путешественники XVIII—XIX веков, знакомившиеся с казахской степью, неизменно обращали внимание на поэтичность казахов, на то, как высоко ценили они искусство слова, и на то, что каждый род, даже каждый аул, имел своего акына, Само собой разумеется, что этот дар не опустился на наш народ в один прекрасный день с неба. Совершенно ясно, что такой уровень и такое широкое распространение поэтической культуры является результатом длительного развития.

Начиная с древности, казахский народ любил и ценил искусство поэзии, и уже в древние века они имели своих известных акынов и великих жырау.

**Ведущий 1.** Огонь оставляет золу. Пламя развеет ветер, занесет песок, но там, где горел огромный костер, всегда останется какой-нибудь след. Как археологи находят под холмами земли и барханами песка остатки когда-то цветущих городов, так историк литературы, копаясь в курганах литературного наследия, может встретить некоторые остатки древней поэзии кочевников, живших в далекие века в гармонии с природой и создавших неповторимые шедевры, вольно и широко выразившие их дух и мировоззрение.

Беспощадна пыль веков, она погребает под собой все. Как это ни печально, но произведения многих других степных бардов, видимо, навсегда потеряны как для нас, так и для будущих поколений. К счастью, как великие памятники древней архитектуры, которые выстояли перед временем и предстали перед нами, сохранив



свой первоначальный гордый облик, несмотря на все разрушения, причиненные веками, так до нашей эпохи все-таки дошли некоторые образцы выдающихся поэтических произведений наших предков.

Не было письменности. И таким образом акыны и жырау являлись носителями казахского народного творчества, оно передавались из поколения в поколение, из аула в аул.

*На фоне музыки*

**Ведущий 2.** Одним из наиболее прославленных и известных казахских акынов-жырау, живших в XVIII веке, был Татикара.

Касаясь казахской поэзии XVIII века, Татикару нельзя не упомянуть. В народной памяти Татикара остался воинственным акыном, воспевающим боевые походы, призывавшим к борьбе против чужеземных врагов в наиболее тяжелый период казахской истории, акыном, зовущим к решительной войне с захватчиками.

Татикара происходит из рода Уак, кочевавшего в окрестностях Сарыкола, среди уаковцев он принадлежал к роду Калмак. Поэт родился и вырос на территории нынешнего Сарыкольского (Урицкого) района Кустанайской области. Вся сознательная жизнь поэта прошла среди окружения хана Аблая. Судя по народным преданиям, хан Аблай в каждый свой поход брал и Татикару. Хан чрезвычайно высоко ценил его искусство импровизатора, прямоу высказываний и неустрашимую отвагу в сражениях. О, конечно, не всякий поэт может быть певцом боевых походов, ведь в гуще схваток голова такого поэта легко может оказаться на вражеской пике. Такому певцу нужно не только быть искусником слова, но и храбрым бойцом. Оружием поэта во время похода, как и у всех воинов, являются копьё с пучком волос и кривая сабля, домбру он берет в руки лишь в редкие минуты затишья, когда воины устраиваются на отдых. Правда, иногда и в разгаре жаркой схватки, когда смешиваются ряды воинов и они теряют боевой дух, также необходим вдохновляющий голос акына. Большинство дошедших до нас произведений Татикары сложено и исполнено именно в подобных исключительных ситуациях.

**Ведущий 1.** Однажды поход хана Аблая окончился поражением. Когда воины сумели немного оторваться от преследовавшего их по пятам врага, перед ними внезапно встала разлившаяся река, которую никак не перейдешь вброд. Воины растерялись, над ними нависла смертельная опасность — ведь враг мог подойти каждую минуту и полностью уничтожить отряд. И тогда, выехав вперед, заговорил речитативом Татикара.

*Мягкая бахрома и длинный корень у камыша,  
Река перед нами, а за нами дракон.  
Неужто только саблей горазды махать наши батыры,  
Где ты, Жанибек Шакшакулы, с тяжелой пикой?  
А куда задевался Бакей - гордость родов сагир и дулат,  
Где же они - Дерепсал и Мандай из кипчаков?  
Ой, не видать мне Сары и Баяна из уаков!*



*Воды испугавшись, втянули головы в плечи!  
В лесу самое высокое дерево - сосна,  
Где же сосна нашего войска - Богембай?!  
А грозный батыр Жабай из рода Еменалы-Керей,  
Только и умеет, что ворочать пикой!*

**Ведущий 2.** Казахскому войску во главе с Аблаем, не имевшему возможности победить более многочисленную китайскую армию, пришлось отступить. Татикара, увидев павших духом батыров, начал слагать песню-импровизацию, чтобы воодушевить воинов и вместе с тем выразить свое сожаление по поводу этой неудачи.

*Евший и пивший вволю всегда  
Высокорожденный хан Аблай,  
Помни: проходит любая беда,  
Горе-не вечно - не забывай.  
И не таким уж был храбрым  
враг-  
Ловким скорей оказался – он,  
А в схватке прямой они трусили  
так,  
Что мы им большой наносили  
урон.*

*Но нужно стало - он отошел.  
А как басентинец Сырымбет,  
С противником бой отважно вел!  
  
Если ты трусишь,  
какой уж там бой.  
Разум забыт, и безумье с тобой.  
И, отступая, рубился Баян -  
Вот это подлинный воин-герой!*

**Ведущий 1.** Татикара был прямодушным и смелым поэтом. Он не боялся ради торжества справедливости всем говорить правду в глаза. Он твердо придерживался древней истины: «Можно отсечь голову, но нельзя отрезать язык». Это подтверждает такой сохранившийся в народной памяти рассказ. Первенец Аблая юный джигит Жанбай, отправившись вместе с батырами в поход, погиб в одной из неудачных для казахов схваток. Хан, потрясенный смертью сына, ни с кем не разговаривая, не принимая пищи, несколько дней не выходил из своей юрты.

В суровое время военных набегов смерть от руки врага — обычное дело. Война не выбирает свою жертву, доля воина равна для всех. В этом походе погиб не только сын Аблая, отдали жизнь многие джигиты. Поэтому, когда правитель народа скорбит лишь о своей личной потере, это оскорбляет чувство народа. И Татикара говорит от его имени. Напомнив, что Аблай «из Туркестана недавно пришел простым джигитом», что народ сам избрал его ханом, подняв на белой кошме, поэт гневно поет:

*Трех жузов сыны  
Долго держали совет,  
И ханом подняли его  
Трех жузов сыны.  
Но всех казахов ему,*

*Дороже стал сын родной.  
А ну, поднимайтесь на бой  
Хан нам такой к чему?  
  
Долго совещались между собой*



## Список литературы:

1. Тәтікара // Екімың жылдық дала жыры/ Бас редактор Ә. Нысынбаев.- Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 2000.- 752 бет.
2. Тәтікара ақын // Мағауин М. Қобыз сарыны.- Алматы: Мектеп, 2003.- 93-95 бет.
3. Тәтікара ақын // Қазақ әдебиетінің тарихы. 3 том (15-18 ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы).- Алматы: Ғылым, 2000.- 357-360 бет.
4. Тәтікара ақын // Бес ғасыр жырлайды.- Алматы: Жазушы, 1989.- Т.1.- 69-72 бет.
5. Винникова П. Наш земляк Татикара-жырау/ П. Винникова // Кустанайские новости.- 1993.-8 дек.
6. Мағауин М. Татикара-ақын // Кобыз и копье / М.Мағауин.- Алма-Ата, 1970.- С.74-77
7. Татикара // Казахская ССР: В 4 т. – Алма-Ата, 1991
8. Татикара // Шахмарден Биографии исторических личностей Казахстана 14-19 веков. Хроника, факты, легенды.-Алматы, 2001.-С.92-93
9. Шаяхмет А. Татикара - знаменосец хана Абылая // Костанайские новости.- 1999.-18 сент.

**Составитель: С. В. Сушкова**  
**Редактор: К. М. Жуламанова**  
**Компьютерный набор: С. В. Сушкова**  
**Ответственный за выпуск: Н. М. Теплякова**

Уважаемые читатели!  
Областная библиотека для детей и  
юношества им. И. Алтынсарина  
ждёт вас по адресу: ул. Касымканова , 74  
Телефоны: 54-27-44 (директор)  
54-11-61, 54-09-66 (отделы  
обслуживания),  
54-84-63 (методический отдел)  
**ДОБРО ПОЖАЛОВАТЬ!**  
**Наш электронный адрес:**  
[albiblio@yandex.ru](mailto:albiblio@yandex.ru)  
[www.biblio.al.ru](http://www.biblio.al.ru)